

30 Мамыр
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

БИ ПАДИШАСЫНА АРНАЛҒАН ШАРЛАР ОЙЫНДА ДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

БИЫЛ ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҒЫШ БАЛЕРИНАСЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ӨРТІСІ, ЖЕРЛЕСІМІЗ НҰРСҰЛУ ЕЛУБАЙ-ҚЫЗЫ ТАПАЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ. ОСЫ ОРАЙДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА «АҚҚУ-2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БИШІЛЕР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ. ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН БАЙҚАУҒА НҰРСҰЛУ АПАМЫЗДЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ – ЖАН-ЖАҚТАН КЕЛГЕН БИШІЛЕРМЕН ҚАТАР, МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНІҢ СОҢЫНДА ҚАЛҒАН КӨЗІ - ҚЫЗЫ ТОТЫ БӨЛТЕКОВА, МӨДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ. ОБЛЫСТЫҚ МӨДЕНИЕТ, АРИХИВТЕР ЖӨНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАР-МАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ АЛТЫНАЙ ЮНИСОВА АУДАНДЫҚ МӨДЕНИЕТ ҮЙІНЕ БИШІНІҢ ЕСІМІН БЕРУГЕ ЖОҒАРЫ ЖАҚҚА ҰСЫНЫС ТҮСІРГЕНІН ЖЕТКІЗДІ. АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНА КЕЛГЕН ІССАПАРЫНДА ТОТЫ ШОҚЫРҚЫЗЫ АНАСЫНЫҢ ТУҒАН ЖЕРІ, НАҒАШЫ ЖҰРТЫ - КИЕЛІ ОЙЫЛҒА ДА ТАБАН ТІРЕДІ.



Алдымен ауданның тарихи орындарын аралаған апамыз, ауданның өткен ғасырдағы тарихынан жан-жақты ақпарат алды.

Әрі қарай кездесу «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өтті.

Шараның шымылдығы үлгілі «Әсем» би ансамблінің қазақ

биімен түрлі.

Тоты Шоқырқызы анасы жайлы естеліктермен бөліссе, «Асанәлі» бөбекжай бақшасы Нұрсұлу анамыз жайлы жобасын баяндады. Балғын бишілер биімен көркемдеген кеште ҚР мәдениет саласының үздігі, режиссер-хореограф, Нұрсұлу Тапалованың мұрасын

зерттеуші Серік Сариев, шәкірті Гүлжан Сағыновалар да қонақ болды.

Кездесу соңында сөз алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы елдің тілегін жеткізіп, шыққан биігін, еңбегін айрықша жоғары бағалайтынын тілге тиек етті.

Арнаулы сыйлығын, аудан

әкімшілігі атынан 300 мың теңгелік сертификатын табыстады. Ең бастысы жарық еткен жұлдызымыз Нұрсұлу Тапалова артына өшпестей із қалдырғанына осы кеште тағы да көз жеткіздік.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

МӨДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Ақтөбеде мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған ауқымды мерекелік шара өтті. Кәсіби мерекеге орай облыстың бірқатар мәдениет қызметкерлері марапатталды. Соның ішінде ауданымыздың мәдениетіне елеулі үлесін қосып жүрген бірқатар қызметкерлерде марапаттан тыс қалмады. Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановтың Алғыс хатымен Ш.Берсиев ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Гүлхан Қауменова, «Са-

лалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» АОФ қоғамдық бірлестігінің төрағасы Назира Табылдинованың Құрмет Грамотасымен аудандық мәдениет үйінің музыка жетекшісі Алтынбек Шотов, облыстық мәдениет, архив және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисованың Алғыс хатымен «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының мәдени ұйымдастырушысы Гүлнара Бисекенова марапатталды.

ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ— ҰРПАҚҚА МІНДЕТ



Уақыт көші алға жылжыған сайын ғылым мен техниканың ғаламат жаңалықтарына куә болып жатырмыз.

Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген II дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр аға-апаларымыздың ерлігін ешкім де, ешқашан ұмытпақ емес. Ерлікке тағым – ұрпаққа міндет. Өткен жексенбі күні Ақкемер ауылында Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл ардагерлеріне арналған «Даңқ» ескерткіш тақтасы ашылды.

Ауыл жастарының бастамасымен аталардың ерлігіне тағым ретінде тұрғызылған ескерткіш тақтаға Ақкемер ауылынан Ұлы Отан соғысына аттанған аталардың және еңбек ардагерлерінің есімдері ойылып жазылды. Бас-аяғы бір айдың ішінде қаражатын жинап, жұмысты жұмыла атқарған ауыл жастарының бастамасына алды жетпіске жеткен ақсақалдан бастап соңы жиырма бестегі жігітке дейін үлес қосты. Алдына өрнек тас төселіп, алаңқай

жасақталды. Тағым тақтаның тағылымы туралы ауыл мұғалімі Нұрым Көпжанов баяндаса, ұйымдастырушылар осы жұмыстың басы-қасында жүріп, бел шешпей еңбек еткен азаматтарға ауылдастарының атынан сый-сияпат ұсынды.

Ескерткіш тақтаны еңбек ардагерлері Сәлмен Қожағалиев пен Ерғали Жұбанов ақсақалдар және аудан әкімі Асқар Қазыбаевтар ашса, жырақта жүрсе де, туған ауылының түтінін түзу ұшуын тілеп жүретін ағалар осы шараға арнайы келіп, өнегелі іске ұйытқы болған жерлестеріне лебіздерін жолдады.

Салтанатты сәттің соңында жастар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған Ескерткіш тақтаның алдына гүл шоқтарын қойса, мектеп оқушылары өн мен жырдан шашу шашты. Аталар рухына арналып ас беріліп, құран бағышталды.

Р.С. Осы мақсатқа жиналған қаражатың қалғанына ауыл көшесіне түгел жарықшамдар орнатылды.

С.ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селпосы.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2023 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

ИНДЕКС

65525

66525

67525

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА
(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

6 АЙ

3292,42

4971,92

2812,42

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)
2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

"БІЛІМ ТУРАЛЫ" ЗАҢ ЖОБАСЫ: ОНЛАЙН ОҚУ ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

«БІЛІМ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРТУ-ЛЕР ЕНГІЗІЛМЕК. ҚАЗІР ЗАҢ ЖОБАСЫ ӨЗІР. ОҒАН ОНЛАЙН ОҚУ ПРОЦЕСІ, ВИРТУАЛДЫ ПЕДАГОГ, ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГ, ОНЛАЙН ПЛАТФОРМА ҰҒЫМДАРЫ ЕНГІЗІЛМЕК. МҰНДАҒЫ МАҚСАТ — АУЫЛ МЕН ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚТЫ ЖОЮ, ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕР МӨСЕЛЕСІН ШЕШУ.

Заң жобасында қарастырылған өзгертулер Солтүстік Қазақстан облысында өткен Парламент Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму комитетінің алғашқы көшпелі отырысында жан-жақты талқыланды. «Шағын жинақты мектептер: білім беру сапасы, педагог кадрлардың тапшылығын шешу және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жобалары туралы» тақырыбында ұйымдастырылған жиында ұрпақ тағдыры — ұлттық мәселені шешу мақсатында маңызды баяндамалар жасалып, жан-жақты зерттеулер мен талдаулар ұсынылып, тиімді ұсыныстар, өткір сындар айтылды. Шараға Парламент Мәжілісінің депутаттары, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шолпан Каримова, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Мадина Тыныбаева, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің басқарма төрағасы Дархан Білялов, Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтан қатысты. Сондай-ақ еліміздің басқа өңірлеріндегі облыстық білім басқармаларының басшылары онлайн режимінде жиынға қосылды. Мәжіліс депутаттарының көшпелі отырысында облыс әкімі Ералы Тоғжановтың бастамасымен қолға алынған ауыл мектептерін қолдаудың ақтөбелік моделі — «Білім ALL» бірегей жобасы өзге өңірлерге үлгі етілді. Үздік жоба Оқу-ағарту министрлігі тарапынан үлкен қолдауға ие болып, келесі оқу жылынан бастап еліміздің 5 облысында енгізілмек.

Айта кету керек, Мәжіліс депутаттарының Солтүстік Қазақстан облысындағы екі күнге созылған іссапары барысында олар мұндағы ауылдардың мектептерін аралап, тыныс-тіршілігімен етене танысты. Қазақ мектептерінің өте аздығын, тым болмаса орыс мектептерінде қазақ сыныптарының ашылмағанын сынга алып, қазақ балаларының таңдау құқықтарының аяқасты етілмеуі үшін тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырма жүктеді. Расында, біз аралап, көзбен көрген ауылдарда, мектептерде ұлттық рухтың негізі — ана тіліміздің жағдайы тым мүшкіл еді. Біз әңгімеге тартқан балалар ана тілінде мардымды сөйлей де алмады. Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тіл заңдылықтары сақталмаған. Ал қазақ елінің тарихы 1941 жылдан басталған ба деген әсерде қалдық. Біз аралаған мектептердің мұражайларында бірыңғай көрініс: 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан өзге ұлт өкілдерін дәріптеген көрме мен Кеңес одағы кезіндегі пионер ұйымдарының қызыл ту секілді символдары мен барабан секілді атрибуттарына арналған бұрыштар жасақталған. Жасыратыны жоқ, мұндағы мектептердің табалдырығын аттағаннан-ақ, «Біз қай елде жүр едік?» деген ой оралды...

Солтүстік Қазақстан облысында 454 мектеп бар. Оның 112-сі — қазақ мектебі. Орыс мектебінің үлесі — 246, қалғаны — аралас білім шаңырағы. Өңірдегі балалардың саны — 72 360 оқушы. Олардың 18 447-сі қазақ тілінде білім алады.

Ауыл мен қала арасы: білім сапасы қайтсе артады? Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің ғимаратында өткен Парламент Мәжілісі депутаттарының көшпелі отырысына Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов төрағалық етті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII шақырылымдағы бірінші сессияның ашылуында білім беру сапасын арттыру, кәсіби кадрларды тарту қажеттілігі туралы бірқатар тапсырмалар міндеттеген болатын. Солтүстік Қазақстан облысына іссапарымыздың басты мақсаты осы — ел Президенті жүктеген міндеттерді орындау, ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім үшін сындағы алшақтықты жою үшін «Білім туралы» Заң жобасына енгізілген өзгерістерді Үкіметке жібермес бұрын педагогтермен бірге талқылау, сараптау, сәлде көшпелі отырыста әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшелері шағын жинақты мектептердегі білім сапасының өзекті мәселелері мен оларды шешу жолда-

рын зерделелеп, талқылайды. Шағын жинақты мектептердің мәселесі көп екені белгілі. Магнитті мектептер мен тірек мектептердің өзара байланысы, интернет мәселесі, кадр тапшылығы, оқушылар тасымалы, интернет-тардың жұмысы, әсіресе шекаралас аудандардағы мектептердің мәселесі өзекті болып тұр. Біздің ойымызша, депутаттардың ұсынысында бойынша шекара маңында орналасқан ауылдардағы мектептердің оқушы қабылдау нормативіне өзгерістер енгізу қажет. Мұны заңмен реттеу керек. Нормативке сәйкес келмейді деп мектепті жапсақ, ауыл да құрдымға кетеді. Ал шекара аумағындағы ауылды сақтап қала алмасақ, елге қауіп, — деді Асхат Аймағамбетов.

Жиында сөз алған Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шолпан Каримова Парламент Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму комитетінің бірінші көшпелі отырысының елімізде шағын жинақты мектебі ең көп өңір — Солтүстік Қазақстан облысында өткізіліп жатқанына, депутаттардың облыс мектептерін аралап, тыныс-тіршілігімен етене танысқанына, шағын жинақты ауыл мектептерінің мәселесін шешуде заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, оларды педагогтермен бірлесіп талқылауды ұсынған аталған комитет төрағасы Асхат Аймағамбетов пен депутаттарға ризашылығын білдірді. Еліміздегі мектептердің 40 пайызы — шағын жинақты білім шаңырағы. Бұл тек біздің елде ғана емес, әлем елдеріне де тән.

— Мысалы, Америка Құрама Штаттарында, Финляндияда елді мекендердің арасы жақын болған жағдайда шағын жинақты мектептердің балаларына толық жинақты мектептердің педагогтері барып сабақ береді. Канадада шағын жинақты мектептерді сақтап қалуға барлық жағдай жасалған. Өйткені баланың өз отбасында тәрбиеленуі дұрыс деп есептеледі. Швецияда үлкен мектептер хаб ретінде пайдаланылып, кішігірім мектептерге олардың іс-тәжірибесі енгізілген. Аустралияда дәстүрлі оқу процесімен қатар, қашықтан веб-сабақтар ұйымдастырылады. Байқағанымыздай, бұл тәжірибелер елімізде де пайдаланылып жүр, — деді Шолпан Таңатқызы. Ол еліміздегі шағын жинақты мектептердің мәселесіне тоқталды. Алдымен аталған білім шаңырақтарының инфрақұрылымын жақсарту керек. Мұндай мектептерге тән жағдай — сыныптардың біріктірілуі. Бұл білім сапасының төмендеуіне кері әсер етеді. Кейбір мектептерде екі сынып оқушыларын ғана емес, үш сыныптың балаларын біріктіріп оқытуға тура келеді екен. Елімізде мұндай мектептердің саны 1300-ден асады. Материалдық-техникалық базаны ыңғайт, пәндік кабинеттердің жаңа үлгіде жабдықтауы білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Дегенмен шағын жинақты мектептердің бәрінде бірдей мұндай өркеніет жетістігі жоқ. Сондай-ақ мұндай білім шаңырақтарында сағат саны аз болғандықтан, кадр тапшы. Басты мәселелердің бірі — интернет желісінің әлсіздігі, жоқтығы.

— Еліміздегі 2716 шағын жинақты мектептің 66,3 пайызында интернет жоқ. Бұл мәселені облыс әкімдіктерімен бірлесіп шешеміз. Қазір барлық облыстардағы құзырлы мекемелердің басшылары мектептердегі интернет мәселесін шешу жөнінде нақты тапсырма берілді. Оқушылардың білім сапасын арттыруда қосымша білім берудің маңызы зор. Бірақ ауыл мектептерінде бұл мәселе әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Шағын жинақты мектептер мәселесін шешу мақсатында ресурстық орталықтар және магнитті мектептер жобасы енгізілді. Ресурстық орталықтар, яғни тірек мектептер жақын ауылдарда орналасқан магнитті мектептерге әдістемелік, оқу-процесі жағынан қолдау көрсетіп, педагогтердің тәжірибесі таратылады. Бұл процестерді ұйымдастыруда да қиыншылықтар бар. Мысалы, жобаны қаржыландыру, балалар тасымалын ұйымдастыру, сыныптағы мұғалім мен бұл мектептерге сырттан келіп оқытатын педагогтердің статусына, еңбекақысын төлеуге байланысты мәселе бар. Мектеп директорларын тағайындаудың өзіндік талаптары бар. Соның бірі мектеп басшысы болу үшін үміткерге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруы міндеттеледі. Дегенмен шағын жинақты мектептердің директорларын тағайындауда бұл талап алынып тасталды. Тәжірибелі мұғалім шағын жинақты мектептің директоры бола алады. Бұл — бір. Екіншіден, Парламент депутаттарының бастамасымен биылғы оқу жылынан бастап мек-

тептерге педагогтер конкурс негізінде қабылданып жатыр. Бірақ бұл талаптың шағын жинақты мектептерге қатысы жоқ.

VIII сайланған Парламенттің ашылу сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі оқушылардың бағасы нақты біліммен сәйкес келмейтінін айтып, бұл мәселені шешуді нықтап тапсырған болатын. Еліміздің оқушылары PISA — (Programme for International Student Assessment), PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) секілді халықаралық зерттеулерге қатысады. Жақында PISA халықаралық зерттеуінің қорытындысы шықты. Нәтижесі көңіл қуантады. Біздің елдің оқушыларының білім сапасының орташа көрсеткіші әлем елдерінің деңгейінен жоғары.

2021 жылдан бастап Қазақстанда сыртқы бақылау жүйесі енгізілді. Екі жыл бұрын өткізген талдау қорытындысында білім сапасы жөнінен Батыс Қазақстан облысы көш бастаса, екінші орынды Солтүстік Қазақстан облысы иеленді. Мұнда сарапшылар мұғалімнің қойған бағасын сырттай зерттейді. Қорытындысында толық жинақты мектептерге қарағанда, шағын жинақты мектептерде білім сапасы төмен екені анықталды. Біз қазақстандық зерттеу қорытындысында анықталған кемшіліктерді түзету бағытында жұмыс жасайтын боламыз, — деді ол.

Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шолпан Каримова Ақтөбе облысында ауыл мен қала балаларының арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жою мақсатында бірегей жоба қолға алынғанын тілге тиек етті.

Ақтөбелік модель ізімен: 5 облыста біздің өңірдің жобасы енгізілді

Оқу-ағарту министрлігі шағын жинақты мектептердің мәселесін шешуге, оқу тіліне қарамастан, сапалы білім алу үшін балаларға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған ақтөбелік модельді қолдайды. Ақтөбеде қала мен ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын жою бойынша жоқ қаржы аз ерілгені, біріктірілген. Бүгінде «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасына облыстағы 120 мектептің 10 575 оқушысы қатысып жатыр. Оларға 6 жетекші мектептің 35 үздік педагогі тартылып отыр.

Білікті ұстаздар 5 пән — математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі пәндері бойынша шағын жинақты мектеп оқушыларына онлайн сабақ беріп, виртуалды мұғалім қызметін атқарады. Қазір Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жобаға әдістемелік сүйемелдеу жүргізу үшін облыстық басқармамен бірлесіп жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл жерде екі мәселені анықтап алу керек. Оқушыларды ұйымдастырып беретін ауылдағы мұғалімнің рөлі мен цифрлық педагогтің, яғни қаладағы мұғалімнің рөлі қандай екенін нақтылау қажет. Сабақты жоспарлаудың бірнеше кезеңі бар. Біздің мақсат — сабақты жоспарлауды дұрыс жасап, екі мұғалімнің статусын анықтау. Ол үшін үлкен әдістемелік жұмыстар керек.

Осы жоба сәтті жүзеге асырылса, бұл жобаны еліміздің 5 өңіріне енгізу жоспарланып отыр. Олар — Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай, Павлодар өңірлері. Өздерінің мектептерінде қат-қабат жұмыс болса да, ауыл балалары үшін жаны алаң болған мамандандырылған мектептердің үздік педагогтеріне рақмет айтықын келеді. Сондай-ақ осындай бірегей жобаға ұйытқы болған Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановқа ризашылығымды білдіремін, — деді Шолпан Каримова.

Жыныс облыстық білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтан баяндама жасады. — Біздің облыста тұрғылықты жеріне қарамастан, сапалы білім алу үшін балаларға тең мүмкіндіктер жасау, қала мен ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын жоюдың ақтөбелік моделі қалыптасты.

Жоба жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылып отыр. Атап айтқанда, білім беру ұйымдарын жоғары жылдамдықты сапалы интернетке қосу, білім беру ұйымдарын цифрлық оқу жабдықтарымен жарақатандыру, пилоттық жоба үшін педагогтерге қосымша ақы төлеу шығындары қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында облыстың барлық шағын жинақты мектептеріне виртуалды оқыту жүйесін кезек-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр, — деді Жайық Сұлтан.

Тариф қымбат, интернет желісі неге жоқ?

Жынысқа қатысқан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникация комитетінің төрағасы Жақсылық Ибрагимов Асхат Аймағамбетов бастаған біраз де-

путат шүйлікті. Одан ел бойынша интернет желісінің тартылуы туралы ұзын сонар баяндама емес, ауыл мектептерінің интернет мәселесі қашан шешілетініне нақты жауап беру сұралды.

— Ауылдарда интернет мәселесі күрделі. Шағын жинақты мектептердегі интернет тарифі өте қымбат. Бірақ жылдамдық төмен. Интернет жылдамдығы келісімшартта көрсетілген жылдамдыққа жеткен емес. Дегенмен пайдаланылмаған жылдамдық үшін бюджеттен қыруар қаражат төленіп жатыр. Қысқасы, мектептерге интернет желісі тартылды деген құр сөз ғана, оның игілігін балалар көре алмай отыр. Бұл мәселе қашан шешіледі? — деді Асхат Аймағамбетов.

Телекоммуникация комитетінің төрағасы Жақсылық Ибрагимов бұл сауалдарға берген уәжі мынау:

— Елімізде 15-20 жыл бойы ауылдарға интернет желісін тарту мақсатында ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ. Мәселенің түп тамыры осында болып тұр. Ауылдарға интернет желісін тарту жұмыстарын 2018 жылы бастадық. 1257 елді мекенге интернет желісін жүргіздік. 2018-2019 жылдары 78 ауылдағы 86 мектеп интернетке қосылды.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы әзірленіп жатыр. Жоспар бойынша 3100 елді мекенге интернет тартылатын болады.

Мектепке су, жылу құбырлары тартылады, жарықтандырылады. Өңінде ауыл іргесінде интернет желісі бар деп айтылып жатыр. Бірақ жергілікті әкімдіктің интернет желісін тартуға ықыласы жоқ. Мектептерді интернетпен қамту бойынша нақты жоспар жазылды. Мұнда мектептің нақты атауы және қашан қосылатыны туралы мәлімет болуға тиіс. Сондай-ақ қосылған мектептерді де нақтылау, жылдамдығын анықтау қажет. Мектептерді тарифі неге жоғары? Интернет үшін қыруар қаржы төленсе де, лайықты жылдамдық неге жоқ? Осы мәселемен айналысуға қызылорыс орғанға екі апта уақыт беріледі, — деп нықтап айтты Асхат Аймағамбетов. Көшпелі отырыс барысында депутаттар сөз алып, білім саласындағы кемшіліктерді сынга алды. Жалған статистика мен көзбояушылықты доғару керектігін тілге тиек етті.

Жалған статистика және көзбояушылық

Тексеретін адамдар келеді дегенде мектептерді алып-ғұпыл сырлау, өктеу, өтірік көрініс жасау дегенді тоқтату қажет. Барды бар, жоқты жоқ деп айтатын кез келді. Аққайың ауданындағы Түмен негізгі мектебінің жағдайы нашар. Химия, физика, биология, информатика, мультимедиа кабинеті мүлде жоқ. Тіпті ақталы мен спортзал да жоқ. Интернет желісі де тартылмаған. Ол түгіл, ұялы байланыс әлсіз. 100 орындық мектепте 26 бала оқып жатыр.

Елімізде шағын жинақты мектептердің мәселесі өзекті. Оның санын қысқарту, мектептерді жабу туралы да ұсыныс-пікірлер айтылды. Дегенмен бұл мәселені шешудің тиімді тәсілі емес. Шағын жинақты мектептер керек. Әсіресе шекара маңындағы ауылдардағы мектептер бала саны аз болса да жабылмауға тиіс.

Біз аралаған мектептің бірі — Аққайың ауданындағы Тоқшын мектеп-гимназиясы 1965 жылы салынған. 600 орындық мектепте 266 бала оқып жатыр. Былтыр жөндеу жұмыстарына 138 миллион теңге бөлінген екен. Дегенмен жөндеу үшін сонша қаражат жұмсалмағанын білдік. Ғимараттың бірініш қабаты, спортзалы жөндеілмеген. Пәндік кабинеттер толық жабдықталмаған. Мультимедиа кабинетінде ноутбуктердің қосылмайтынын, тіпті алынғалы қуатталмағанын көрдік. Химия кабинетінде кран бар да, су жоқ. Интернеттің аты бар да, заты жоқ. Телекоммуникация саласына жауапты комитет төрағасы баяндамасында «Солтүстік Қазақстан облысындағы мектептерде интернет бар» деп баяндама жасады. Бұл құр сөз, бос әңгіме екеніне көшегі ісәлімдерде көз жеткізіп келдік. Мұғалімдердің айтуынша, мектепте интернет әлсіз. Олар «Күнделік.кз» ба-ғаға қоя алмай, үйлеріне барып, күнделік толытуға мәжбүр екенін айтты. Бұдан кейін онлайн оқу туралы не айтуға болады? Мемлекет тарапынан білім саласы үшін көптеген қаражат бөлінесе де, ауыл мектептерінен дамыған технологияны көрген жоқпыз.

Тағы бір мәселе — қазақ мектебі жоқ. Қазақ балалары бар. Бірақ олардың таңдауы жоқ. Білім бөлімі басшыларының, директордың қазақ мектебін, тым болмаса бір сынып болса да қазақ сыныбын ашуға деген ықылас, ниеті жоқ. Жауапты мамандардан қазақ мектебінің неге жоқтығын сұрағанда айтқан уәжі: «Халық

арыз жазбайды» дейді. Бұл мекемелер не үшін мемлекеттен қаражат алып отыр? Біз бұл ретте тілдік мәселені үстем қойып отырғанымыз жоқ. Дегенмен бұл жерде азаматтардың құқығы қорғалуға тиіс.

«Жас маман ауылға барсын» дейміз. Ал біз барған мектепте жас мамандар интернатта тұруға мәжбүр болған екен. Интернеттің жағдайы жетісіп тұрған жоқ. Бір ғана мысал, ондағы орындықтарды төңкеріп көрдік, сөйтсек, мектеппен бірге жасап келеді екен, сарғайған қағаздан 1965 жылы шыққанын білдік. Бұдан кейін білім сапасы туралы не айтуға болады? Мұндай ауылға жас маман қайдан тұрақтайды, — деді Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев.

Мәжіліс депутаты Ринат Зайытов отырыста сөз алған кейбір баяндамашылардың орыс тілінде сөйлегенін, орыс тілінде жасалған баяндаманың басында бір-екі ауыз қазақша сөз қосып, ері қарай орысша сайрау мемлекеттік тілді қорлаумен тең екенін айтты.

Баяндамашылар біліктілік арттыру курсынан соншама педагогтің білімін жетілдіргенін айтты. Соның арасында қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндерінен курстан өткен педагогтер бар ма? Кеше біз аралаған мектептің бірі Қызылжар-Абай деп аталады. Мектептің материалдық-базасы заман талабына сай жабдықталған. Жаңа технологиямен қамтылған. Дегенмен оқушылардың қазақ тілін білмейтінін, қазақ балаларының өзі ана тілін білдірмейтінін көрдік. Жас ұрпақтың көпшілігі ел тарихынан бейхабар екенін білдік. Бұл — трагедия. Осы балалар ертеңгі еліміздің тұтқасы — ел басқаратын да, Үкімет басқаратын да, министр болатын да, депутат болатын да, директор болатын да солар. Олардың бойында отансүйгіштік қасиет болмаса, онда біз роботтар даярлап жатырмыз деген сөз.

Ауылда маман тұрақтау үшін тиімді механизм қарастыру керек. Неғұрлым аудан, облыс орталығынан шалғай орналасқан ауылдардағы мектептердің педагогтеріне қолдау, көмек, әлеуметтік жеңілдіктер соғурылм көбірек болуға тиіс. Бұл шекараларды шегелей түсуге септігін тигізеді, — деді Ринат Зайытов.

Тоқшын мектеп-гимназиясының мұғалімдері күнделікке баға қою алмай өлек, ал ауылдың іргесінде, екі-ақ шақырым қашықтықта интернет желісі өтіп жатыр. Интернетті сол жерден тартуға болады. Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі, жаңа технология дейміз интернет тартылмаса, ауыл мектебінде интернет болмаса, бұл әрекеттің бәрі бос әурешілік, — деді Таңсәуле Серіков.

Қазақ балаларының таңдауы жоқ, неге?

Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев елімізде халықтың игілігі үшін қолға алынған бағдарлама, жобалардың көптігін, бірақ соларды үйлестіру кемшілдігін айтты.

Мемлекет тарапынан ел игілігі үшін көптеген бағдарлама, жоба қолға алынған. Оларды жүзеге асыру үшін бюджеттен қыруар қаражат бөлінуде. Дегенмен бұл жұмыстардың нәтижесі көп жағдайда көрінбейді. «Серпініс», «Дипломмен — ауылға», «Еңбек» жобаларының тиімділігін арттыру үшін жүйелеу керек. Біз барған мектептерде математика пәнінің мұғалімі, психолог мамандар жетіспейді.

«Серпінісмен» келген мамандар солтүстікке тұрақтамай, кетіп қалып жатыр. «Бастау-бизнес» бағдарламасы бар. Осы бағдарламада Солтүстік Қазақстанға көшіп келген отбасыларға басымдық берер болсақ, үлкен мәселе шешілер еді. «Серпініс» бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына қабылданған түлектерге солтүстікте міндетті жұмыс істеу мерзімін қысқартса, мұнда келушілердің санының артуына сеп болар еді. Сондай-ақ ортүстік облыстардан, Маңғыстау облысынан осында көшіп келетін отбасыларға жағдай жасайтын болсақ, оның ішінде көпбалалы отбасыларға басымдық беретін болсақ, мектеп қазақ балаларына толар еді. Солтүстіктен көшіп кетушілер аз емес. «Арқа жағына болса, арқар ауып несі бар» деген бекер айтылмаса керек, — деді Дәулет Мұқаев.

Жиында сөз алған Мәжіліс депутаты Нұрғұл Тау Тоқшын мектеп-гимназиясында 16 бейнекамераның 4-еуі ғана жұмыс жасап тұрғанын, бейнекамера ең алдымен балалардың қауіпсіздігі үшін керектігін айтты. Сондай-ақ ол мектептердегі медпункттердің талапқа сай емес екенін сынга алды.

Отырыста Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Сәтжан Абғалиев сөз алып, жыл сайын 30-40 мектепке күрделі

жөндеу жүргізілетінін жеткізді. Оның айтуынша, аталған өңірге 5 жылда 12 мыңнан астам адам көшіп келген болса, соның 625-і тұрақтамаған. Көшіп келушілер саны аз. Биылғы жоспар бойынша 2600-ден астам адам Солтүстік Қазақстан облысына көшіп келуі керек.

Жиында Парламент Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов қорытындылады.

Зандар қабылданады. Дегенмен көп жағдайда орындала бермейді. Орталықтан қабылданатын шешімдер жақсы болуы мүмкін, бірақ басқару жүйесіндегі кемшіліктердің кесірінен орындалмай қалады.

Бұрын аудандардағы мектеп, балабақшалар аудандық білім бөліміне бағынатын, ал аудандық білім бөлімі облыстық басқармаға емес, аудан әкімдігіне қарайтын. Аудандық әкімдікке бағынысты болған соң көптеген мәселелер туындаған еді. Екі жыл бұрын аудандық білім бөлімдері облыстық білім басқармасының қарауына көшірілді. Бұған педагогтер ерекше қуанды.

Бір ғана мысал, жалақы кешіктірілген емес. Бұдан екі жыл бұрын «Оқуға құштар мектеп» жобасын енгіздік. Тексеру нәтижесінде білгеніміз, мектеп кітапханаларында көркем әдебиет жоқ. Осы жобаның арқасында мектеп кітапханаларына 3 миллионға жуық кітап алынды. Бұл кітаптарды балалар оқып жатыр ма, әлде шаң басып болса тұр ма? Бұл — басқа мәселе. Қазір әкімдіктерге оқулықтар сатып алу міндеттелді. «Білім туралы» Заң жобасында әкімдіктерге тек оқулықтарды ғана емес, сондай-ақ мектеп кітапханасына көркем әдебиеттер сатып алып беру міндеттеліп отыр. Көркем әдебиет оқымаған баланың білім сапасы жоғары, таным көкжиегі кең болмасы анық.

Шағын жинақты мектептердегі білім сапасын арттыруға онлайн оқыту процесін қолға алу керек. Бұл үшін мықты педагогтер мен мықты материалдық база болуға тиіс. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес. Онлайн дәріс беретін педагогтің мәртебесін, жалақысын анықтауымыз керек. Астанадағы мұғалім шалғайдағы ауылдағы балаларына сабақ берсе, еңбекақысы қалай реттеледі? Ал сол ауылдағы тьютор-педагогтің жалақысы қалай төленбек? Оған қандай жұмыс жүктеледі? Оның мәртебесін қалай анықтап, жалақыны қалай төлейміз? Онлайн оқу процесінің қорытындысын жасап, білім сапасын анықтағанда нәтиже кімге тиесілі болады? Мұның бәрін анықтауымыз керек.

Тірек мектеп пен магнитті мектептердің арасындағы байланысты заңнамалық тұрғыдан реттеу де маңызды мәселе. Тірек мектеп пен магнитті мектептерді кешен ретінде, магнитті мектептерді тірек мектептердің филиалы ретінде байланыстыруды заң жобасында қарастырып жатырмыз. Шағын жинақты мектепте бала саны аз болғандықтан сағат та аз. Жалақысы аз мектепке педагогтер барғысы келмейді. Шағын жинақты мектептің жалақы төлеу жүйесін өзгертпесе, маман тапшылығы мәселесін ешқашан шеше алмаймыз. Бұл Оқу-ағарту министрлігі шешетін мәселе емес. Өйткені «Білім туралы» Занда еңбекақыны реттеу бекітіліп қойылған. Сол себепті «Білім туралы» Заңға тиісті түзету енгізіп, шағын жинақты мектептерде жалақы төлеуді ғана емес, қосымша ынталандыру жүйесін құруды қарастыратын боламыз. Грантпен білім алған студенттерді мектепке кел дегенде 3 жыл сабақ беру м


ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ТҮСКЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ (26 сәуірден 17 мамырға дейін)

№	Ұсыныстар/ескертулер	Орындау мерзімі	Жауапты (Т.А.Ө. ММ басшысы, а.о. өкімі)	Бақылаушы (Т.А.Ө. аудан өкімі орынбасары)
1	Бестамақ ауылының көшелеріндегі істен шыққан жарық лампаларын ауыстыру.	2023 жылдың аяғына дейін	М.Тәжіғалиев	С.Сүлейменов
2	Кемер ауылының көшелеріндегі істен шыққан жарық лампаларын ауыстыру.	2023 жылдың аяғына дейін	М.Тәжіғалиев	С.Сүлейменов
3	Ойыл ауылының көшелеріндегі істен шыққан жарық лампаларын ауыстыру.	2023 жылдың аяғына дейін	А.Аманғосов	С.Сүлейменов
4	Көктемгі су тасқыны кезінде Ойыл-Қараой жолының су шайылған жерлерін қалыпқа келтіру.	2023 жылдың аяғына дейін	А.Сұлтанов	С.Сүлейменов
5	Көптоғай ауылынан воркаут алаңын жасақтау.	2023 жылдың аяғына дейін	Е.Асылбаев	М.Айдарбаев
6	Қарасу елді мекеніне бейімделген көпір жасақтау.	2023 жылдың аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
7	Шикұдық ауылынан ұңғыма құдық қазу.	2023 жылдың аяғына дейін	М.Тәжіғалиев	С.Сүлейменов


АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ АЗАМАТТАР ПРОАКТИВТІ ФОРМАТТА АЛЫП ЖАТЫР

eGov КАК ПОЛУЧИТЬ ПРОАКТИВНО УСЛУГУ АСП?


Вам поступит сообщение от 1414 для предоставления пособий от государства:



Отправьте ответное сообщение



В течение 15 рабочих дней получите ответ от 1414 (положительно или отрицательно)



Сообщения получают только те граждане, которые зарегистрированы в базе мобильных граждан (БМГ).

Подробнее с результатом оказания проактивной услуги можете ознакомиться в личном кабинете на портале eGov.kz или в приложении eGov Mobile.

Енді мемлекет қазақстандық отбасыларға құжатсыз проактивті форматта атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алуды ұсынып отыр. Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға SMS хабарлама eGov.kz сайтынан автоматты түрде жіберіледі.

АӘК алушыларына әлеуметтік көмек алу мүмкіндігі туралы хабарланады. Хабарлама 1414 нөмірінен SMS хабарлама түрінде жолданады.

Аталмыш көмекті мемлекеттік деректер базасында қамтылған АӘК критерийлеріне сәйкес келетін азаматтар алады. Бұл былай жұмыс істейді:

Атаулы әлеуметтік көмек алуға мұқтаж – АӘК алушыға 1414

нөмірінен автоматты түрде хабарлама келеді;

АӘК алушы өзінің IBAN шотын көрсете отырып, сол хабарламаға жауап ретінде өзінің келісімін жібереді;

жауапты алғаннан кейін eGov.kz «электрондық үкімет» порталы жәрдемақы тағайындау үшін алушы туралы мәліметтерді ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне жібереді.

Хабарламаларды мобильді азаматтар базасында (МАБ) тіркелген азаматтар ғана алатынын атап өту маңызды.

«Азаматтарға енді Халыққа қызмет көрсету орталықтарына барудың қажеті жоқ, тіпті онлайн режимінде eGov.kz арқылы өтініш

берудің керегі болмайды. Invisible Government тұжырымдамасы шеңберінде біз азаматтардың мемлекеттік органдармен байланысу қажеттілігін барынша азайтамыз.

Сонымен, 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап 57 мың адам мемлекеттен жәрдемақы алу үшін 1414 нөмірінен SMS-хабарлама алды», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин.

Қызмет көрсету мерзімі:

- 15 жұмыс күні, сұрау салу берілген күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Қызмет көрсету нәтижесі:

1414 нөмірінен орындау мәрте-

бесі бар ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама (оң немесе теріс).

Проактивті қызмет көрсету нәтижесімен eGov.kz порталындағы Жеке кабинетте танысуға болады немесе eGov Mobile қосымшасында Хабарландырулар бөлімінен көруге болады.

Сондай-ақ, АӘК алуға өтінімді eGov.kz порталы арқылы және eGov Mobile мбилді қосымшасы арқылы беруге болады.

Проактивті қызмет көрсету Smart Data Ukimet жобасының «Отбасының цифрлық картасының» арқасында мүмкін болды, бұл 30 параметр бойынша деректерді талдау негізінде өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтар үшін қажетті мемлекеттік қолдау шараларын анықтауға мүмкіндік береді.

Жыл сайынғы «Digital Almaty 2023» V Халықаралық цифрлық форумында Оңтүстік Кореяның электрондық үкіметінің операторы, Ұлттық Ақпарат қоғамының (NIA) Президенті, ірі деректер саласындағы халықаралық сарапшы Хван Чон Сон жоғары баға берді.

Ол жоба жетістіктеріне танданып, Smart Data Ukimet - әлемдегі деректермен жұмыс бойынша ең үздік мемлекеттік сервистердің бірі екендігін атап өтті.

Жаңа қызмет ҚР ЦДИАӨМ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында жүзеге асты.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

граждaн, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

На ежегодном V Международном цифровом форуме «Digital Almaty 2023» Президент National Information Society Agency (NIA) Хван Чон Сон, оператора электронного правительства Южной Кореи, международный эксперт в области больших данных, дал высокую оценку который был впечатлен достижениями и отметил, что проект «Smart Data Ukimet является одним из лучших государственных сервисов в мире по работе с данными».

Услуга реализована с помощью проведенной интеграции информационных систем Комитета госуслуг МЦИРАП РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства труда и социальной защиты населения РК.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

СУДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!

Жаздың ыстық күндерін асыға күткен адамдар өзен-көлге шоғылуға, балық аулауға асығады. Өкінішке орай, кейбіреулер үшін жағажайдағы демалыс өмірінің соңғы сәтіне айналып жатады. Жақсы жүзетін адам үшін су қорқынышты емес. Бірақ жүзе білетін адам да суда болғанда арнайы ережені сақтауы керек. Суда тәртіпті сақтамау адамдарды бақытсыздыққа және адам өліміне әкел соқтырады. Атап айтсақ ағымдағы жылдың 27 мамыр күні Ырғыз ауданында мал іздеуге шыққан 2011 жылғы екі бала тік жардан суға құлап, мерт болды.

Әрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Ересектерсіз суға түсуге, ата-аналардың, ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жарқабақтар) жерлерге шомылау керек.

Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. Тыйым салынған аймақтарда шомылған суға түсушілерге ҚР ӨҚБТК-нің 364 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немес 112 нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медицина-

лық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек.

Төменде зардап шеккен, су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмектің кейбір әдістері келтірілген:

Су жұту - тыныс алу жолдарын сұйықтықпен немесе сұйық мас-салармен толтыру. Су жұту белгілері болып, ауыздан көбік бөлу, жүрек қызметінің және тыныс алудың тоқтауы, көз ұлпасының кеңейуі, тері жамылғыларының көгеруі табылады.

Алғашқы көмек – ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы, кедесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштей және өкпедегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді.

Белбеулерді, тартпаларды, ормалдарды және т.б. қолдану әдісі: Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін жасанды тыныс алдырумен қатар жүрекке массаж жасау керек.

Жүрек аймағына әрбір 5-6 басу арқылы жәбірленушінің аузы немесе мұрны арқылы ауа үрлейді. Мұны тыныс алу және жүрек соғуын толық қалыпқа келгенше жасайды.

Жүрек қызметі және тыныс алу қалыпқа келгеннен кейін жәбірленушіні жылытып, жамылдырып және медициналық пунктке жеткізу керек.

Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды үйретіңіздер!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

РАДОН ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Көптеген адамдар радиациядан жеткілікті түрде қорғанған деп есептейді, өйткені олар жұмыс жасайтын атом электр станцияларынан жеткілікті қашықтықта тұрады, ядролық отынмен жұмыс істейтін әскери кемелерге экскурсиялармен бармайды және т.б. өкінішке орай, олай емес!

Радиация айналамыздағы барлық жерде бар, оның мөлшері қолайлы шектерден аспауы маңызды. Бізді қоршап тұрған осындай элементтердің бірі – радон.

Радон – иіссіз, түссіз және дөміс радиоактивті газ.

Радон барлық тау жыныстары мен топырақтарда болатын уранның табиғи радиоактивті ыдырауы кезінде болады. Радон ғимараттағы, едендегі, жыртқар немесе едендермен қабырғалардың түйіскен жерлері, құбырлар немесе кабельдер айналасындағы герметикалық емес технологиялық саңылаулар, қуыс бетон блоктарынан салынған қабырғалардағы шағын тесіктер, қабырғалардағы қуыстар сондай-ақ ішкі канализация және дренаж жүйелері арқылы кіреді.

Радон ауадан әлдеқайда ауыр. Яғни ауаға түскен кезде оның негізгі көлемі ауаның төменгі қабаттарында шоғырланған. Сондықтан бірінші қабаттағы үйлердің пәтерлері және жеке ша-

руашылықтар жертелелер мен жартылай жертелелер ықтимал қауіпті орындар болып саналады. Дәл осы элемент адамды өз үйінде, пәтерінде, кеңесінде сезінбейтін түрде қоршап, бірте-бірте адамдардың денсаулығының нашарлауына әкелуі мүмкін.

Қоршаған ортаға және адамның тұрғын үйлеріне түсетін радонның көздерін біле отырып, бұл жағымсыз құбылысқа қарсы тұру және күресу құралдарын әзірлеуге болады. Олар келесі ережелерден тұрады:

- Тұрғын үй құрылысы үшін жердегі радонның ең аз концентрациясы бар уәскені мұқият танданыз;
- Төмен қабатты үйлерде жертелелерді жабдықтаған жөн;
- Тұрғын бөлмелерді ғимараттардың жоғарғы қабаттарында орналастырған жөн;
- Едендердің және төсеніштердің тығыздалуына жіті назар аудару;
- Қабырға мен едендердегі жарықтарды жабу үшін мастика, тығыздағыштарды қолдану, эпоксидті шайырлы бояуларемн басқа да қаптау материалдарымен өңдеу керек;
- Үйдің желдетілмейтін жерлерінде, жертеледе ұзақ тұрмау;
- Үйді немесе пәтерді тиімді мәжбүрлі (механикалық) желдетумен жабдықтау.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 745 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жағдайында 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«АУЫЛҒА» АЗАМАТТАРДЫҢ АЙТАРЫ КӨП!



«Ауыл» ХДПП Ақтөбе облысы филиалының атынан Ақтөбе облыстық мәслихатына сайланған депутаттар мен «Қазақстан фермерлер қауымдастығының» облыстық филиалының төрағасы шаруалармен кездесулер өткізді. Қобда және Ойыл аудандарында өткен іс-шаралар аталған тұлғалардан бөлек аудандардағы жеке шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлерді, сонымен қатар ауыл тұрғындарын да қамтыды. Кездесуде көтерілген негізгі мәселелер тұрғындарды «Ауыл

аманаты» бағдарламасы туралы мәліметтермен ақпараттандыру, облыстық мәслихат депутаттарының жасалып жатқан жұмыстарымен таныстыру болды. Ауыл тұрғындарының тілек-өтініштерін тыңдап, ұсыныстарын талқылауда кездесуде қаралған басты мәселелердің бірі болды. Аудан, ауыл тұрғындарымен өткен кездесуге облыстық мәслихат депутаттары Әлібек Базарғалиев, Самат Қалдығұлов, Кәмшат Төлеуова, сонымен бірге «Ауыл» ХДПП облыстық филиалының

төраға орынбасары Гүлназым Қарабалина және «Қазақстан фермерлер қауымдастығы» Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Берік Сариевтер қатысты. Қатысушылардың айтуынша, бұл шара өзара белсенді диалог пен қызу пікірталас арқылы ерекшеленді. Ауыл шаруашылығы жайына келгенде небір ұсыныстардың айтылуы мен олардың ортаға салынып, белсенді талқылануы шараның өз мақсатына жеткендігінің айғағы болды.

КӨКПАР ТАРТКАН ЖҰРТ ЕДІК...



«AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының ұйымдастырумен «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында Ойыл аудандық Көкпаршылар федерациясының көкпаршылармен Ойыл аудандық аграрлық колледжінің студенттері жүздесті. Кездесуге партияның атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин, аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин, Көкпаршылар федерациясының басшысы Айбат Елемесұлы, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бақберген Мұхамбетқали қатысты. Басқосуда Айбат Елемесұлы

көкпар ойынының қыр-сырын түсіндіріп, құрамдағы көкпаршы азаматтардың жетістіктері мен ойын барысындағы қажырлы еңбектерінің нәтижесінде аудан абройын қорғап келе жатқандығын айтып өтті. Сонымен қатар көкпаршы Еркебұлан Егізбаев көкпар ойынына арнайы қажетті ат әбзелдері мен ойыншылардың киімдерімен таныстырып, ұлттық спорт түрінің одан әрі қарыштап дамуына қолдау көрсетуші азаматтарға алғысын жеткізді. Басқосудың екінші бөлімі көкпаршы азаматтарға арналған арнайы марапаттармен жалғасын тапты.

Атқарушы хатшы Еркін Жиеналин көкпаршыларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарын табыс етіп, жылы лебізін білдірді. Ұлттық спорт түрлерінің өмірімізде алар орны ерекше. Ол тек дене шынықтырып, салауатты өмір салтын қалыптастырып қана қоймай, елге, салт-дәстүрге, тарихқа деген құрметті айшықтап, патриоттық рухты асқақтата түседі. Сіздер ұлттық спортты жаныңызға серік ете отырып, ауданымызда «Көкпар ойынын» жандандыруда ұрпаққа өнегелі із қалдырып келесіздер. Дүбірлі додаларда дес бермей, талайы тартыстарда көк серкенің тулыбын тақымға тартып, ауданымыздың абройын қорғап жүрсіздер. Сізге, ұлттық спорт саласындағы жеткен жетістіктеріңіз және ұлттық мұрамызды дәріптеуде қосқан үлесіңіз үшін ерекше алғысымды білдіремін, - деді Еркін Жиеналин. Одан кейін сөз алған аудандық мәслихаттың төрағасы Сәкен Займолдин көкпаршы азаматтардың еңбектерін нағыз ерлікке балап, өсіп келе жатқан жас буынға үлгі-өнеге екендігін айтты. Ұлттық спортты дәріптеп жүрген азаматтарға өз атынан арнайы қолдаулар көрсетіп, көкпар ойынына нағыз қажетті ертоқымды сыйға тартып, бірқатар азаматтарға шипажайға жолдама ұсынатынын жеткізді. Шара соңы студенттермен еркін түрде пікір-талас алаңымен жалғасын тапты.

ШЕГІРТКЕГЕ ШЕКАРА ЖОК!



Шегіртке – егіншіліктің қас жауы. Ол шабындық пен жайылымдық жерлерге де көп зиян келтіреді. Сондықтан шегірткемен маусымдық күресу жұмыстары сапалы және уақытылы жүргізілуі маңызды. Биыл Ойыл ауданы бойынша италия шегірткесіне қарсы 7700 гектарға химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Жоспарланған көлемге ауа райы

мен фитосанитариялық жағдайларды ескере отырып, химиялық өңдеу жұмысына қажетті техника және улы химикаттарға сұраныс жасалды. Шегірткеде шекара жоқ, оның кез келген уақытта сырттан келу қаупін де жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы және Атырау облысы Қызылқоға ауданымен екі жақты ынтымақтастық келісім жасалды. Қазіргі уақытта «Республикалық фитосанитариялық диагностика мен болжамдар әдістемелігі» Ойыл аудандық филиалы мамандарымен бірлескен түрде жазғы мониторингтік тексеру жұмыстары жүргізілуде. Экономикаға, экологияға зиян келтіретін аса қауіпті, зиянды организмнің түрі – үйірлі шегірткелер. Шегірткелер аяла 10-11 жыл салып, 3-4 жыл қатарынан көбейіп отыратын жәндік. Жалпы ересек шегірткеге қарағанда олардың дернәсілдері ерекше зиян келтіреді. Дернәсілдер 30-40 күнде дамиды. Даму кезеңінде дернәсіл 4-5 жаспан өтеді. Өсірсе олар 2-3 жас кезеңінде егістік, жайылым, шабындық жерлердегі көкті баудай түсіреді. Сондықтан оларды азайту үшін 2-3 жас кезеңінде улаған тиімді. Аса қауіпті зиянды организмдер оқтын-оқтын жаппай көбеюге және таралуға бейім. Жалпы біздің негізгі мақсатымыз – бірлесіп отырып, зиянды организмдерге қарсы күрес іс-шараларын дер кезінде әрі сапалы жүргізу, олардың жаппай таралуының алдын алу және ошақтарын жою.

Б.АБДУЛЛИН,
Инспекция басшысы.

АУЫЛДЫҢ КӨРКІНЕ АТСАЛЫС - АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ!



«Атадан мал қалғанша, тал қалсын!» - деген қазақтың қанатты сөзі қай уақытта да мәнін жоймайды. Қаракемер ауылынан түлеп, жан-жаққа қанат қаққан жігіттер туған жерді түлетуге әрқашан үлес қосып келеді.

жүретін Марат Арыстанов бұл жолы жан-жақтағы жерлеріні ауылды абаттандыруға жұмылдырып отыр. «Мәдениет табалдырықтан басталады» - дегендей, Сарбие, Қараой бағытындағы күре жолдың қиылысы Қаракемердің

қақпасы іспетті. Сондықтан, тазалық жұмыстары сол жерден басталды. Жылдың әртүрлі мезгілінде жолдың бейнетін көріп келе жатқан жүргізуші мен жолаушының бел суытатын жеріне айналған қиылыс солардың «демалысынан» хиналған қауырсын құты, қаңылтыр қалбыр, шыны ыдыстар 25 қапқа жүк болды. Одан кейінгі абаттандыру жұмысы – бұрынғы мектептің орнындағы ауыл азаматтарының күшімен қоршалған саябаққа тал отырғызумен жалғасты. Алғашқы талдың көшетін отырғызу құрметі көп жыл Қаракемер ауылындағы ферма меңгерушісі болған Аманжан Әбдуов ақсақалға ұсынылды. Саябаққа қырық түп қарағаш, терек көшеттері отырғызылды. Туған жерге арналған бір күн ауылдағы футбол алаңын қалпына келтірумен аяқталды. Яғни, ойын алаңының қақпаларын дөнекерленіп, қираған жерлері түзетілді.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ МЕРЕКЕСІ І МАУСЫМДА ӨТЕДІ

1 маусымда еліміздің оқушылары Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар соңғы қоңырау мерекесін атап өтеді. Қазақстанда оқу жылының ұзақтығы 36 апта. Дәстүр бойынша оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, биылдан бастап 31 мамырда аяқталады. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Керімова жеткізді.



Оның айтуынша, 31 мамыр – оқу жылының соңғы күні. Бұл күні еліміздің мектептерінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған сыныптан тыс сағаттар өткізіледі.

1 маусымда еліміздің оқушылары Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар соңғы қоңырау мерекесін атап өтеді. Бұдан бұрын Мәжілістің жалпы отырысында депутат Аманжол Әлтай мектептердегі соңғы қоңырау күнін 30 мамырға немесе 1 маусымға ауыстыруды сұрады. «Елімізде 31 мамыр ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Бұл күні алаш арыстарының рухына жасап жүрген құрметіміз олардың ескерткіштері мен мемориалдық орындарға гүл шоғын қоюдан аспай тұр. ҚР Оқу-ағарту

министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығына сәйкес, орта білім беретін мектептердегі соңғы қоңырау 31 мамыр болып бекітіліп отыр. Алаш арыстарының аманатын ұрпақ санасына ауыстыру керек. Бұл – ешқандай талқылауды қажет етпейтін әділетті талап», - деді А. Әлтай Үкімет басшысының орынбасары Алтай Көлгіновтың атына жолдаған сауалында.

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЕҢБЕК ҚАБІЛЕТІНЕН ЖӘНЕ АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР КӨБЕЙТІЛЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес 1 шілдеден бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері 14,5%-ға ұлғайтылады. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Үкіметтің тиісті қаулысына қол қойды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы санаттағы тұлғаларды қолдау шараларын қажеттігін осы жылдың 29 наурызында өткен VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында атап өтті.

Еңбек ету қабілетінен айырылуына байланысты әлеуметтік төлемдермен 92 мыңға жуық адам, асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік төлемдермен 61 мың отбасы қамтылады деп жоспарланып отыр. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады. Мемлекет азаматтардың табысын арттыру бойынша іс-шараларды тұрақты негізде қабылдап келе жатқанын айта кету керек. Мысалы, биыл 1 қаңтардан бастап республикадағы ең төменгі еңбекақы мөлшері 60 мыңнан 70 мың теңгеге дейін көбейтілді. Бұл экономиканың барлық саласында жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жалдамалы жұмыскер мен еңбек адамын қамтыды.

Ең төменгі айлық көрсеткіші арқылы еңбекақы деңгейін белгілейтін ұйымдар біліктіліктің санат аралық жүйесін ескере отырып, өзге де санаттағы жұмысшылардың еңбекақысын өсіру жағына қарай қайта қарастырады. Биыл 4,4 млн адам алатын зейнетақы мен жәрдемақының барлық түрі қайта есептелді. Сонымен қатар дәрігерлердің, мұғалімдердің, бюджеттік саланың басқа да қызметкерлері мен өндіріс жұмысшыларының жалақысын көзек-кезеңмен арттыру және жоба ауқымын кеңейту бойынша 2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасын тапты. Сондай-ақ шағын иесілерді қолжетімді ету арқылы ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша жобаны кеңейту жұмыстары басталды.

«Қазақпарат»